

Сапақкөл орта мектебінің 2022-2023 оқу жылында 6-сыныппен жүргізілген тәрбие жұмысының талдауы

2022-2023 оқу жылы 6-сыныпта 17 оқушы болды. Оның 10-еуі қыз, 7-еуі ұл. Көп балалы отбасы: Жарасқали Ақбота, Айбекқызы Асылай, Жарасұлы Айдос, Елубай Айзада, Нұрланқызы Айкөркем, Серікбай Әділет, Оралбай Мейрамбек, Серікбай Айзат, Оңдасын Жанайым, Самғатқызы Наргиза, Амангелдіұлы Алмат.

Оқу жылының қорытындысы бойынша сыныпта 2 оқу озаты, 6 оқу екпіндісі болды. Оқу озаты: Оңдасын Жанайым, Серікбай Айзат. Оқу екпінділері: Айбекқызы Асылай, Елубай Айзада, Оралбай Мейрамбек, Жансұлтан Рысжан, Қалиахмет Айдар, Жарасқали Ақбота.

Сыныптың жылдық білім сапасы: 57%

Оқушылардың жыл бойғы сабаққа қатысу көрсеткіші:

Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр
100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%	100%

2022-2023 оқу жылының тәрбие жұмысының жоспары 8 бағыт бойынша жасалып, жоспарға сай барлық іс-шаралар өткізілді. Сынып белсенділері өздеріне тапсырылған қызметтерін тиянақты орындады. Оқушылар мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Аудандық және мектепшілік байқауларға қатысып, жеңімпаз атанған оқушылар да болды.

Оқушылардың тәрбие бағытындағы қойылған көп шаралар өтті.

Сынып сағаттарына тәрбие бағыттары қамтылды.

Бағыттар	Өтілген сынып сағаттары саны:
Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	4
Рухани – адамгершілік тәрбие	5
Ұлттық тәрбие	5
Отбасы тәрбиесі	3
Еңбек, эконмикалық және экологиялық тәрбие	3
Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	3
Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие	6
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	4

Тәрбие сағаттары жоспар бойынша ұйымдастырылып. Әр түрлі жаңа форматта өткізілді. Мереке күндеріне мереке шаралары өткізіліп, оқушылар іс-шараларға белсене қатысты. «Тазалық – денсаулық белгісі», «Табиғат аясы-адамның алтын белгісі» атты ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Сонымен қатар мереке күндері сыныптан тыс жұмыстар, тәрбие сағаттары өткізілді.

Тәрбие сағаты: Білім күні. Менің саяхатым




Тәрбие сағаты: Адалдық – адамдықтың белгісі



Тәрбие сағаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес.



Тәрбие сағаты: Қауіпсіз ғаламтор.



Сонымен қатар ата-аналар жиналысы да уақытымен өткізіліп отырды.



8- наурыз мерекесінде сыныптың жігіттер сынып қыздарына арнап мерекелік концерт ұйымдастырып көңілді кеш болды.



Қорытындылай келе, осы оқу жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты. Ата-аналар мен педагог бірлескен жұмысының нәтижесін жеткізу мақсатымен Барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналыстары уақытында қанағаттанарлық деңгейде өтті.